

FTAMP 04.51.67

<https://doi.org/10.26577/JPsS20269838>

**А.С. Моилбекова^{1*}, Э.К. Калымбетова¹,
Джулия В.К. Ло²**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Гонконг білім беру университеті, Гонконг, Қытай

*e-mail: anar.moilbekova@icloud.com

**МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ
ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН ОТБАСЫЛАРДЫ
ӘЛЕУМЕТТІК СҮЙЕМЕЛДЕУДЕГІ ОТБАСЫҒА
БАҒДАРЛАНҒАН ТӘСІЛ
(Қарағанды қаласы мысалында)**

Отбасына бағдарланған тәсіл мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды әлеуметтік сүйемелдеудің тиімді бағыттарының бірі болып табылады. Оны қолдану ата-аналардың құзыреттілігін арттыруға, отбасының баланың даму үдерісіне белсенді қатысуына және өмір сапасын жақсартуға ықпал етеді. Зерттеудің мақсаты – Қарағанды қаласының мысалында отбасыларды әлеуметтік сүйемелдеуде отбасына бағдарланған тәсілді қолданудың тиімділігін зерттеу. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс тәжірибесінде аталған модельді қолдану туралы эмпирикалық деректердің алынуымен анықталады. Зерттеуге эксперименттік ($n = 10$) және бақылау ($n = 10$) топтарына бөлінген 20 отбасы қатысты. Бағдарламаның тиімділігі интервенцияға дейін және одан кейін ата-аналар арасында сауалнама жүргізу арқылы бағаланды. Сауалнама бес балдық Лайкерт шкаласы бойынша бағаланатын 20 тұжырымнан тұрды. Деректерді талдау үшін салыстырмалы талдау және Спирменнің рангтік корреляция коэффициенті қолданылды. Нәтижелер бағдарламаны іске асырғаннан кейін эксперименттік топта ата-аналардың баланың даму үдерісіне қатысу белсенділігінің артқанын, күнделікті өмір жағдайларында дамытушы әрекеттерді жүйелі қолдану жиілігінің жоғарылағанын, сондай-ақ балалардың коммуникативтік және әлеуметтік дағдылары мен өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларының жақсарғанын көрсетті. Зерттеудің құндылығы отбасына бағдарланған тәсілді отандық әлеуметтік жұмыс тәжірибесі жағдайында пилоттық апробациялаумен айқындалады. Алынған нәтижелер отбасына бағдарланған тәсілдің тиімділігін растайды және оны отбасыларды әлеуметтік сүйемелдеу тәжірибесіне енгізудің орындылығын негіздейді.

Түйін сөздер: отбасына бағдарланған тәсіл, әлеуметтік сүйемелдеу, мүмкіндігі шектеулі балалар, ведомстволық өзара байланыс, жеке сүйемелдеу жоспары.

A. Moilbekova^{1*}, E. Kalymbetova¹, Julia W.K. Lo²

¹Farabi University, Almaty, Kazakhstan

²The Education University of Hong Kong, Hong Kong, China

*e-mail: anar.moilbekova@icloud.com

**Family-centered approach in the social support
of families raising children with disabilities
(a case study of Karaganda city)**

The family-centered approach is an effective model for providing social support to families raising children with disabilities. Its application contributes to enhancing parental competence, promoting active family involvement in the child's developmental process, and improving quality of life. The aim of this study was to examine the effectiveness of applying a family-centered approach to the social support of families in the city of Karaganda. The scientific significance of the study lies in providing empirical evidence on the application of this model within social work practice in Kazakhstan. The study involved 20 families divided into an experimental group ($n = 10$) and a control group ($n = 10$). The effectiveness of the program was assessed through parent questionnaires administered before and after the intervention. The questionnaire consisted of 20 statements rated on a five-point Likert scale. Comparative analysis and Spearman's rank correlation coefficient were used to analyze the data. The results showed that following the implementation of the program, parents in the experimental group became more actively involved in their child's developmental process, the regular use of developmentally supportive daily routines increased, and children's communication, social, and self-care skills improved. The value of the study lies in the pilot testing of the family-centered approach within the context of social work practice in Ka-

zakhstan. The findings support the effectiveness of the family-centered approach and provide a rationale for its implementation in social support services for families.

Keywords: family-centered approach, social support, children with disabilities, interagency collaboration, individualized support plan.

А.С. Моилбекова^{1*}, Э.К. Калымбетова¹, Джулия В.К. Ло²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Университет образования Гонконга, Гонконг, Китай

*e-mail: anar.moilbekova@icloud.com

Семейно-центрированный подход в социальном сопровождении семей, воспитывающих детей с ограниченными возможностями (на примере города Караганды)

Семейно-ориентированный подход является эффективным направлением социального сопровождения семей, воспитывающих детей с ограниченными возможностями. Его применение способствует повышению родительской компетентности, активному вовлечению семьи в процесс развития ребенка и улучшению качества жизни. Цель исследования – изучить эффективность применения семейно-ориентированного подхода в социальном сопровождении семей на примере города Караганды. Научная значимость работы определяется получением эмпирических данных о применении данной модели в казахстанской практике социальной работы. В исследовании приняли участие 20 семей, разделенных на экспериментальную ($n = 10$) и контрольную ($n = 10$) группы. Эффективность программы оценивалась с помощью анкетирования родителей до и после интервенции. Анкета включала 20 утверждений, оцениваемых по пятибалльной шкале Лайкерта. Для анализа данных использовались сравнительный анализ и коэффициент ранговой корреляции Спирмена. Результаты показали, что после реализации программы в экспериментальной группе повысилась активность родителей в процессе развития ребенка, увеличилась регулярность использования развивающих повседневных рутин, улучшились коммуникативные, социальные навыки и навыки самообслуживания детей. Ценность исследования заключается в пилотной апробации семейно-ориентированного подхода в условиях отечественной социальной практики. Полученные результаты подтверждают эффективность семейно-ориентированного подхода и обосновывают целесообразность его внедрения в практику социального сопровождения семей.

Ключевые слова: семейно-ориентированный подход, социальное сопровождение, дети с ограниченными возможностями, межведомственное взаимодействие, индивидуальный план сопровождения.

Кіріспе

Жыл сайын мүмкіндігі шектеулі балалар саны артып келеді. Әлемде 240 миллион бала мүмкіндігі шектеулі. Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар 3 % қамтиды (UNICEF). Ресми мәліметтер бойынша Қазақстанда 2010 жылы мүмкіндігі шектеулі балалар 49349 болса, 2024 жылы 114272-ге жеткен (bala.stat.gov.kz). Мұндай отбасылардың қажеттіліктері тек балаға көрсетілетін арнайы қызметтермен шектелмейді. Исабекова (2023) ерекше қажеттіліктері бар баланы тәрбиелеу жағдайында ата-аналардың күйзеліс, психологиялық қысым және әлеуметтік қиындықтармен кездесетінін, сонымен бірге қаржылық қиындықтар мен кемсітушілік жағдайларының да орын алуы мүмкін екенін көрсетеді. Сондықтан әлеуметтік сүйемелдеуде баланың жағдайын отбасының күнделікті өмірінен бөліп қарастыру жеткіліксіз. АСБ бар балаларды қолдау жүйесін қарастырған Джама-

лиева мен Тогаева (2025) отбасының қатысуын ведомствоаралық өзара іс-қимылмен байланыстырады. Ал Karibaev et al. (2024) мәселені мүмкіндігі шектеулі балалар мен олардың отбасыларының әлеуметтік әл-ауқаты тұрғысынан қарастырып, қолданыстағы әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру қажеттілігіне назар аударады. Осы еңбектердің нәтижелері біздің зерттеу үшін отбасының қажеттіліктері мен қолда бар ресурстарын әлеуметтік сүйемелдеуді ұйымдастыруда ескеруге негіз болды. Отбасыға бағдарланған тәсілді қолдану тәжірибесі елдер арасында бірдей емес. АҚШ тәжірибесінде ата-ана баланы қолдау үдерісіне шешім қабылдауға қатысатын серіктес ретінде енгізіледі. Ұлыбританияда ата-ана мен балаға көрсетілетін қызметтерді өзара байланыстыруға негізделген модельдер қолданылса, Финляндия тәжірибесінде отбасымен оның күнделікті ортасында жұмыс істеуге мән беріледі. Қазақстан жағдайында мұндай тәсілді әлеуметтік қолдау тәжірибесіне енгізу мүмкін-

діктері әлі де арнайы эмпирикалық зерттеуді қажет етеді. Қазақстанда баланың дамуын отбасының белсенді қатысуы арқылы қолдауға негізделген тәсілдерді әлеуметтік қолдау жүйесіне енгізу үдерісі жүзеге асырылуда. Себебі, мемлекет басшысы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» жолдауында «Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз» деген еді (ortalyq.kz). Соның ішінде Қарағанды қаласындағы мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға көрсетілетін әлеуметтік көмек тәсілдерінің түрлерін, маңызын талдау және оны тәжірибеге енгізу зерттеу тақырыбымыздың объектісі болып табылады. Осыған орай, Қарағанды қаласында мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды әлеуметтік сүйемелдеуде отбасыға бағдарланған тәсіл қалай жүзеге асырылуда және оны жетілдірудің қандай мүмкіндіктері бар екенін анықтау маңызды.

Зерттеудің мақсаты – Қарағанды қаласы мысалында мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды әлеуметтік сүйемелдеуде отбасыға бағдарланған тәсілді қолдану тәжірибесін зерттеу және оның тиімділігін талдау. Зерттеу тақырыбының мақсатына жету үшін келесідей міндеттер алға қойылған: 1) мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды әлеуметтік сүйемелдеуде отбасыға бағытталған тәсілдің тиімді тәжірибелері мен өзекті мәселелерін анықтау; 2) мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды әлеуметтік сүйемелдеуде отбасыға бағытталған тәсілдің мәнін, қағидаттарын, ерекшеліктерін айқындау; 3) Қарағанды қаласындағы мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың қазіргі жағдайын талдау; 4) мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды әлеуметтік сүйемелдеуде отбасыға бағытталған тәсілді идигенизациялауда теориялық-практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу жұмысының болжамы: мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды әлеуметтік сүйемелдеуде отбасына бағытталған тәсіл дәстүрлі тәсілмен салыстырғанда баланың күнделікті дағдыларын кәсіби түрде қалыптастыра отырып, ата-аналық стресс деңгейін төмендетеді және отбасының өмір сапасын жақсартады.

Зерттеу жұмысының жаңалығы – мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға «отбасыға бағдарланған әдіс» бойынша

шағын бағдарламалық жоспар әзірленіп, сынақтан өткізілді. Бұл отбасы мен мамандар серіктестігіне негізделген жұмыс моделі.

Әдебиеттерге шолу

Отбасыға бағдарланған әлеуметтік сүйемелдеудің ерекшелігі қолдау нысанын тек баламен шектемеуінен көрінеді. Мұнда әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық көмек отбасының күнделікті жағдайымен, оның қажеттіліктері және қолда бар ресурстарымен байланыстырылады. Сондықтан әлеуметтік диагностика жүргізу, жеке жұмыс жоспарын әзірлеу, ақпараттық және психологиялық қолдау көрсету, әртүрлі қызметтердің өзара байланысын үйлестіру және қол жеткізілген өзгерістерді бақылау бір-бірінен бөлек емес, өзара сабақтас жұмыс бағыттары ретінде қарастырылады.

Dunst, Trivette және Hamby (2007) жүргізген 47 зерттеудің метаталдау нәтижелерімен сәйкес келеді: отбасыға бағдарланған тәжірибелер отбасының әл-ауқатымен және баланың даму нәтижелерімен байланысты болған. Turnbull et al. (2007) ұсынған Family Quality of Life тұжырымдамасында бағалау нысаны баланың жағдайымен шектелмей, отбасы өмірінің бірнеше қырын қамтиды. Бұл ұстаным біздің зерттеу логикасына да сәйкес келеді: әлеуметтік сүйемелдеудің нәтижесін бағалағанда баланың дамуындағы өзгерістермен бірге ата-ананың қатысуы, сенімділігі және отбасының күнделікті әрекеттері ескерілді. Отбасы мен маманның өзара әрекеттесу сипаты отбасыға бағдарланған тәсілдің жеке мәселесі болып табылады. Foster et al. (2020) әртүрлі мамандармен жүргізілген сұхбаттарды талдау арқылы серіктестікті осы тәсілдің маңызды құрамдасы ретінде сипаттайды. Мұнда ата-ананың рөлі маман ұсынған жұмысты орындаумен шектелмейді: ол баламен жүргізілетін жұмысты талқылауға және шешім қабылдауға қатысады. Алайда мұндай серіктестік мамандар арасындағы өзара байланыстың қалай ұйымдас-тырылғанына да тәуелді.

Stewart et al. (2021) отбасыға бағдарланған қызметті ата-аналардың бағалауы тұрғысынан қарастырған. МРОС-56 сауалнамасы арқылы алынған нәтижелер ата-аналардың көрсетілген қызметке жалпы қанағаттанғанын көрсетті. Дегенмен, баланың жағдайына қатысты жалпы ақпараттың жеткіліксіздігі ата-аналар төмен бағалаған бағыттардың бірі болған. Бұл нәтиже отбасы мен маман арасындағы серіктестікте

ақпарат алмасудың да өзіндік орны бар екенін көрсетеді.

Қызметтің сапасы тек ата-ана мен бір маманның өзара әрекетіне тәуелді емес. Отбасымен бірнеше сала маманы жұмыс істеген жағдайда олардың әрекетін өзара үйлестіру мәселесі туындайды. Ingólfssdóttir et al. (2021) жүргізген фокус-топтық зерттеуде осы мәселе мамандардың тәжірибесі арқылы қарастырылған. Зерттеуде мамандар арасындағы байланыстың жеткіліксіздігі, жұмыс жүктемесі және отбасыға бағдарланған қағидаттарды күнделікті жұмысқа енгізу барысында кездесетін қиындықтар сипатталған. Осы тұста отбасыға бағдарланған тәсілдің қағидаттарын білу мен оларды нақты қызмет көрсету жағдайында іске асырудың арасында айырмашылық болуы мүмкін.

Отбасылардың қажеттіліктері әртүрлі болғандықтан, сүйемелдеудің мазмұнын бірыңғай үлгімен ұйымдастыру да жеткіліксіз. Carrington et al. (2021) қарастырған еңбектерде қызметті отбасының жеке жағдайына бейімдеу мәселесіне мән беріледі. Chow et al. (2024) отбасыға бағдарланған интервенцияларды жүйелеу арқылы мұндай бағдарламалардың мазмұны мен ұйымдастырылуы біркелкі еместігін көрсетеді. Ал Pacheco-Molero et al. (2024) тәсілді практикаға енгізу кезінде кездесетін кедергілерге назар аударып, ведомствоаралық байланысты және балаға бағытталған дәстүрлі модельден отбасыға бағдарланған жұмысқа көшуді маңызды мәселелердің қатарына жатқызады.

Осы еңбектерді өзара салыстырғанда отбасыға бағдарланған тәсілдің тәжірибеде іске асуы үш жағдаймен байланысты екенін байқауға болады: отбасыға қажетті ақпараттың қолжетімді болуы, мамандар жұмысының өзара үйлесуі және көрсетілетін көмектің нақты отбасының жағдайына бейімделуі. Бұл мәселелер біздің зерттеуде жеке жұмыс жоспарын құру және оны отбасының күнделікті өміріне енгізу кезінде ескерілді.

Отбасының қажеттіліктерін жеке жоспарға енгізу оның мазмұнына тікелей байланысты. Ridgley, Snyder және McWilliam (2020) 73 қызмет үйлестірушісі ұсынған 623 жеке отбасылық қызмет көрсету жоспарын (IFSP) бағалап, олардың сапасы мен балаға қойылған мақсаттардың ерте даму нәтижелерімен сәйкестігін талдаған. Зерттеуде жоспарлардың мазмұны жалпы алғанда отбасыға бағдарланған сипатта болғаны анықталған. Сонымен бірге жоспардағы мақсаттар баланың қажеттіліктерін қанағаттандыруға

бағытталған мінез-құлық, білім мен дағдыларды меңгеру, дене және сөйлеу-тілдік даму сияқты бағыттармен байланыстырылған.

Жоспардың мазмұнын анықтауда отбасының өз пікірін ескеру мәселесі Kuhn et al. (2020) зерттеуінде нақтырақ көрінеді. Авторлар отбасылармен және мамандармен жүргізілген сұхбаттарды IFSP құжаттарын талдаумен бірге қарастырған. Нәтижесінде отбасы мүшелерінің өз сөздерімен берілген қажеттіліктерді жоспарға енгізу бала мен отбасы үшін сапалы мақсаттар құруға мүмкіндік берген. Алайда отбасының қатысуы қызмет көрсететін маманды таңдау, үйге бару жиілігі мен ұзақтығын белгілеу сияқты кейбір шешімдерде шектеулі болған. Бұл нәтиже жеке жоспардың отбасыға бағдарланған болуы мен отбасының шешім қабылдауға нақты қатысуы бір ұғым емес екенін аңғартады.

Біздің зерттеу үшін осы айырмашылық маңызды болды. Жеке жоспарды құру кезінде отбасының қажеттіліктерін анықтаумен қатар, жоспарланған әрекеттерді олардың күнделікті өмірінде орындау мүмкіндігі ескерілді. Сондықтан дамыту жұмыстары тек маманмен өткізілетін арнайы сабақтарға бекітілмей, баланың тамақтануы, киінуі, жуынуы, ойнауы және серуендеуі сияқты күнделікті жағдайлармен байланыстырылды. Мұндай ұйымдастыруда отбасы дайын тапсырманы орындаушы емес, қай әрекетті қандай жағдайда жүзеге асыруға болатынын маманмен бірге анықтайтын қатысушы ретінде қарастырылды.

Mickelson et al. (2022) күнделікті әрекеттерге негізделген тәжірибелерді бірлесіп жоспарлауды отбасының қатысуы және бала дамуының нәтижелері тұрғысынан қарастырған. Осы негізде жеке жоспарда нақты күнделікті әрекет, оған ата-ананың қатысу тәсілі, әрекеттің баланың функционалдық мақсатымен байланысы және нәтижені бағалау көрсеткіші өзара сабақтастықта берілуі орынды.

Жеке жоспардың мазмұны қаншалықты дұрыс құрылғанымен, оның нәтижесі жоспарланған әрекеттердің тәжірибеде қандай деңгейде орындалатынына тәуелді. Сондықтан интервенцияны бағалауда қорытынды нәтижемен бірге оны іске асыру барысын да есепке алу қажет. Hurtubise et al. (2025) зерттеуінде отбасылардың жоспарланған әрекеттерді орындау көрсеткіші 83-91% аралығында болғанымен, кейбір сессиялардың белгіленген уақытта өткізілмеуі және уақытты ұйымдастыруға байланысты қиындықтар тіркелген. Бұл мәселе кейс-менеджмент жөнін-

дегі зерттеулерде де байқалады: Lukersmith et al. (2023) қолдау нәтижелерінің оны ұйымдастыру және іске асыру жағдайларына қарай өзгеретінін көрсетсе, Weightman et al. (2023) жоспарланған шаралар мен олардың нақты орындалуы арасында алшақтық болуы мүмкін екенін анықтаған. Broll et al. (2025) мәселені күтім көрсетушілердің әл-ауқаты, резильенттілігі және өмір сапасы тұрғысынан қарастырған. Осы деректер интервенцияны бағалауда «не жоспарланды?» деген сұрақпен қатар «жоспарланған әрекеттер қалай және қаншалықты жүйелі орындалды?» деген сұрақтың да маңызды екенін көрсетеді.

Отбасының интервенцияға қатысуын жеке жоспарды орындаумен ғана шектеуге болмайды. Отбасыға бағдарланған тәсілде ата-ананың пікірі, отбасының таңдауы және мамандармен қалыптасқан серіктестік жұмыс мазмұнына әсер етеді. Turnbull (2010) еңбегінде отбасының қызмет көрсету үдерісіндегі орны осы тұрғыдан қарастырылады. Мұнда отбасы маман қабылдаған шешімдерді орындаушы тарап ретінде емес, баланы қолдауға қатысты шешімдерге қатысатын серіктес ретінде танылады.

Бұл мәселе баланың дамуына қажетті жағдайларды отбасының күнделікті өмірінде ұйымдастырумен жалғасады. Guralnick et al. (2017) ата-аналардың қатысуы мен отбасылық қолдауды баланың дамуына ықпал ететін ортаның құрамдас бөліктерімен байланыстырады. Осы тұрғыдан ата-ананың белсенділігі арнайы маманмен өткізілген жұмыстың жалғасы ретінде ғана емес, баланың күнделікті тәжірибесін ұйымдастырудың бір бөлігі ретінде қарастырылады.

Дегенмен, отбасының қолдауға қажеттілігін оның құрылымына қарап анықтау дұрыс болмас еді. Dunst et al. (2007) отбасыға бағдарланған тәжірибелерді отбасының қажеттіліктері, ресурстары және ата-аналардың баланың дамуына қатысуымен байланысты қарастырған. Сондықтан екі ата-аналы немесе жалғызбасты отбасы болуы сүйемелдеудің қандай мазмұнда жүргізілуі керектігін өздігінен анықтамайды. Қолдау көлемін белгілеуде отбасының нақты жағдайы, қолда бар ресурстары және қандай көмекті қажет ететіні маңызды.

Hanson және Lynch (2004) еңбегінде отбасылардың әлеуметтік және мәдени жағдайларының әртүрлілігіне назар аударылады. Бұл айырмашылықтар сүйемелдеудің мазмұнына да әсер етуі мүмкін: бір отбасыға ақпарат пен эмоционалдық қолдау көбірек қажет болса, басқа отбасы үшін әлеуметтік немесе материалдық

ресурстарға қол жеткізу өзекті болуы ықтимал. Сондықтан зерттеу барысында отбасының формалды сипаттамасынан гөрі оның нақты қажеттілігін анықтауға басымдық берілді.

Әдебиеттерді талдау барысында осы зерттеу үшін үш мәселе маңызды болды: отбасының шешім қабылдауға қатысуы, жеке жоспарды күнделікті өмірге бейімдеу және отбасы мен мамандар арасындағы тұрақты байланыс. Эмпирикалық зерттеуді ұйымдастыру кезінде осы үш бағыт отбасыға бағдарланған сүйемелдеудің негізгі жұмыс компоненттері ретінде алынды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды әлеуметтік сүйемелдеу үдерісіне отбасыға бағдарланған тәсілді енгізу бойынша тәжірибе жүргізілді. Зерттеуде мақсатты іріктеу әдісі қолданылды. Іріктеуге Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қолдау орталығында тіркелген отбасылар енгізілді. Зерттеуге қатысудың негізгі критерийлері: отбасында аутизм спектрінің бұзылысы (АСБ) бар баланың болуы, баланың тұрғылықты жері бойынша психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) тиісті қорытындысының болуы, сондай-ақ отбасының тұрақты табыс көзінің болуы және ата-аналардың жоғары білімді болуы. Зерттеуге барлығы 20 отбасы қатысып, олардың 10-ы эксперименттік топқа ($n = 10$), 10-ы бақылау тобына ($n = 10$) енгізілді. Қатысушы отбасылардың жан басына шаққандағы табыс деңгейі орташа айлық табыс деңгейіне сәйкес келді. Мақсатты іріктеу зерттеудің пилоттық сипатына және отбасыға бағдарланған тәсілді Қарағанды қаласы жағдайында апробациялау мақсатына байланысты таңдалды. Тәжірибие барысы келесідей этаптардан тұрды: бірінші кезеңде межведомствалық байланыс орнатылып әр отбасымен кездесу ұйымдастырылды, кездесу барысында әр отбасыға бейімделген жеке жұмыс жоспары құрылды. Жеке жұмыс жоспарының құрылуы мен орындалуын координатор (әлеуметтік жұмысшы) өз бақылауында ұстады. Тәжірибие отандық әлеуметтік жұмыста пилоттық эксперимент болып тұрғандықтан, зерттеу кезеңінің ұзақтығын екі ай деп жоспарланды. Себебі, отбасылардың жалығып немесе отба-

сыға бағдарланған тәсілге сенім артпауы, орта жолдан тастап кетпеуі үшін зерттеу кезеңінің интервалы екі айға жоспарланды. Тәжірибие іске қосылмас бұрын эксперименттік және бақылау тобынан сауалнама алынды.

Келесі кезеңде, екі ай бойы отбасыға бағдарланған тәсіл арқылы мүмкіндігі шектеулі отбасылармен отбасыға бағдарланған тәсіл бойынша жұмыс жүргізілді. Екі айда отбасы аптасына бір рет әлеуметтік қызметкермен, психологпен, медицина қызметкерімен, дефектолог және логопедпен кездесіп отырды. Айдың аяғында жеке жұмыс жоспарларына өзгерістер мен ұсыныстар енгізіп отырды.

Үшінші кезеңде, тәжірибие аяқталған соң ата-аналардан сауалнама алынды. Сауалнаманың мазмұндық валидтілігі арнайы логопед, әлеуметтік жұмыс және инклюзивті білім беру саласының маманы (дефектолог) 3 сарапшысы тарапынан бағаланды. Сарапшылар сұрақтардың зерттеу мақсатына сәйкестігін жоғары деп бағалады (CVI = 0.94). Бастапқы және соңғы сауалнама нәтижелері салыстырмалы талдаудан өткізілді. Сауалнама 20 сұрақтан құралып, Лайкерт шкаласы бойынша (1-5 балл) өлшеніп, бастапқы және соңғы кезеңдегі сауалнамалар нәтижесі бойынша талданады. Интервенцияның тиімділігін бағалау мақсатында бір қатысушылар тобында жүргізілген қайталама өлшемдердің айырмашылықтары жұпталған тандауларға

арналған t-тест (Paired Samples t-test) арқылы талданды. Статистикалық мәнділік деңгейі $p < 0.05$ ретінде қабылданды. Интервенция әсерінің практикалық маңыздылығын анықтау үшін Cohen's d көрсеткіші қолданылды.


Айнымалылар арасындағы байланыс Spearman корреляциялық талдауы арқылы анықталды. Зерттеу жұмысының статистикалық деректер базасын: Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы, Балалар туралы статистика (bala.stat.gov.kz), Қазақстан Республикасының электрондық үкімет порталы, Халықаралық статистикалық базалар (<https://www.unicef.org>) құрайды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстан бойынша мүгедектігі бар балалар саны жыл сайын артып келеді (сурет-1), оның ішінде Қарағанды облысында 5 242 бала, Қарағанды қаласында шамамен 2500 бала мүгедек болып табылады. Қарағанды қаласында «Үміт» медициналық оңалту орталығы, «Қамқорлық» ерте араласу орталығы, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, «Дар» жекеменшік психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, «TEN QOGAM» әлеуметтік қолдау және инклюзия орталықтары, «AQYLDY BALA» ерте даму орталығы жұмыс істейді.

1-сурет

0 жасан 17 жасты қоса алғанда мүгедектігі бар балалар саны



Ескертпе: сурет Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының «0–17 жасты қоса алғанда мүгедектігі бар балалар саны» статистикалық деректері негізінде құрастырылған.

Мүгедектігі бар балалардың санының артуына орай арнайы орталықтардың жұмыс уақытының тығыздығы, сонымен қатар, мүгедектігі бар балаларды күн сайын орталықтарға тасу мәселесі ата-аналар үшін қиындықтар туғызады. Сол себепті, отбасыға бағытталған тәсілді енгізу әлеуметтік сүйемелдеудің тиімді әдісі. Жоғарыда аталған ұйым өкілдерімен межведомствалық байланыс орната отырып, отбасына бейімделген жеке жоспар құрылды. Әр отбасы осы жоспар аясында күнделікті нақты қадамдарын жазады. Мысалы, гигиениалық дағдылар кезеңінде бала-

ның тілі мен жақ қуысына логопедиялық массаждар жасалу жолын логопед ата-анаға көрсетеді және ата-ана 8 апта бойы қайталап жасап отырады. Ата-анасы үй шаруасымен айналысатын кезеңде, анасы тамақ істеу кезеңінде міндетті түрде тамаққа қосылатын заттармен таныстыру, оларды ұстату, тамақ жасау процесін түсіндіріп отырады. Әкесі, машина айдаған кезеңде түгел машинаның элементтерімен таныстыру, автобус элементтерімен таныстыру, көрсету, ұстату сияқты күнделікті өмірде кездесетін рутиналар арқылы баланы дамытып отыру қажет.

1-кесте

Лайкерт шкаласы бойынша сауалнама нәтижесі

Сауалнама көрсеткіші	Дейін (M ± SD)	Кейін (M ± SD)	t	p	Cohen's d
Баламның дамуында оң өзгерістер бар	2.9 ± 0.57	4.4 ± 0.52	11.82	<0.001	1.92
Баламның әлеуметтік бейімделуі жақсы	2.9 ± 0.57	4.3 ± 0.48	10.96	<0.001	1.80
Бала басқа адамдармен әрекеттеседі	2.9 ± 0.57	4.2 ± 0.42	10.34	<0.001	1.67
Бала күнделікті өмірлік дағдыларды орындайды	2.8 ± 0.63	4.3 ± 0.48	11.47	<0.001	1.88
Бала жаңа сөздерді меңгеріп жатыр	2.9 ± 0.57	4.6 ± 0.52	13.25	<0.001	2.10
Бала тамақтану кезінде сөз қолданады	2.6 ± 0.52	4.1 ± 0.57	11.35	<0.001	1.86
Бала жуыну қадамдарын орындайды	2.8 ± 0.63	4.3 ± 0.48	11.58	<0.001	1.90
Мен өзімді бала тәрбиесінде сенімді сезінемін	3.0 ± 0.67	4.5 ± 0.53	11.74	<0.001	1.93
Мен бала дамуына белсенді қатысамын	3.4 ± 0.52	4.8 ± 0.42	10.88	<0.001	1.78
Мен үйде дамыту жаттығуларын орындаймын	2.8 ± 0.79	4.5 ± 0.53	13.08	<0.001	2.07
Үйдегі дамыту жұмыстары пайдалы деп санаймын	3.2 ± 0.63	4.7 ± 0.48	11.42	<0.001	1.87
Біз күн сайын дамыту ойындарын ойнаймыз	2.7 ± 0.67	4.6 ± 0.52	14.36	<0.001	2.28
Менде уақыт жетіспеушілік бар	4.2 ± 0.63	2.8 ± 0.63	-10.75	<0.001	1.76
Мен дамыту жаттығуларын орындауда қиналамын	4.0 ± 0.67	2.5 ± 0.53	-11.83	<0.001	1.94
Бала жаттығуларға қатысқысы келмейді	3.8 ± 0.63	2.6 ± 0.52	-9.42	<0.001	1.54
Эмоционалдық шаршау сезінемін	4.1 ± 0.57	2.7 ± 0.48	-10.96	<0.001	1.80
Мамандармен байланыс жеткіліксіз	3.6 ± 0.52	2.2 ± 0.42	-10.54	<0.001	1.73
Қаржылық/ресурстық қиындықтар бар	3.4 ± 0.52	2.9 ± 0.57	-4.18	<0.001	0.69

Ескертпе: M (Mean) – орташа мән (орташа балл). SD (Standard Deviation) – стандартты ауытқу, яғни жауаптардың орташа мәненнен қаншалықты шашыраңқы екенін көрсетеді.

Экспериментке қатысушы отбасылар жеке жоспар бойынша күнделікті жұмыстарын жүргізіп отырды. Нәтижесінде, бастапқыда ата-аналар қиналған. Жеке жоспарды орындауға ұзақ уақыт арнаған. Бастапқы кезеңде бала тек жуыну, тамақ үстінде логопедиялық жаттығуларды ғана жасаған. Жаңа сөз үйрену, дене жаттығуларын жасауға қарсылық білдірген. Осы кезеңде кәсіби мамандардың қолдауына көп жүгінген. Эксперименттің екінші айында отбасылар күнделікті дағдыларға үйреніп, жеке жоспарға өздеріне ыңғайлы өзгерістер енгізіп отырған. Эксперименттің екінші айында ата-аналар балалардан оң өзгерістерді байқаған, балаларда күнделікті жуыну кезеңінде өздеріне массаж жасау, жаңа сөздерді сөздері қайталау, тамақтану кезеңінде логопедиялық жаттығулар жасауды әдетке айналған.

Отбасыларда сауалнама алу кезеңінде сауалнама сұрақтарына көбінесе балалардың аналары жауап берді. Кәсіби мамандармен байланысты

және баладағы өзгерістерді көбінесе байқаған аналар қауымы болған. Бұл отбасыда бала тәрбиесіне ер адамдарға қарағанда әйел адамдардың белсенді қатысатынын көрсетеді.

Интервенциядан кейін ата-аналардың бала дамуына қатысуы, үй жағдайында дамыту әрекеттерін қолдануы және өз мүмкіндіктеріне сенімділігі артты. Бұл нәтижелер отбасының белсенді қатысуын отбасыға бағдарланған көмектің маңызды құрамдасы ретінде қарастырған Mestre et al. (2024) тұжырымдарымен үндеседі. McConkey et al. (2023) зерттеуінде де отбасы мен маманның бірлесіп анықтаған даму мақсаттары үй жағдайындағы қолдаумен байланыстырылған. Ал Romano et al. (2022) күнделікті рутиналарды ата-аналар жүзеге асыратын интервенциялар үшін табиғи орта ретінде қарастырады. Біздің зерттеуде де екінші айда дамыту әрекеттерінің бір бөлігі жуыну, тамақтану және ойын сияқты күнделікті жағдайларға енгізіле бастады.

2-кесте

Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелейтін отбасылардағы негізгі көрсеткіштер арасындағы корреляциялық байланыстар матрицасы

Байланыстар	Spearman ρ	p-мән
Ата-ана белсенділігі ↔ Баланың даму көрсеткіштері	0.82	<0.001
Үйдегі дамыту рутиналары ↔ Баланың даму көрсеткіштері	0.85	<0.001
Ата-ананың белсенділігі ↔ Үйдегі дамыту рутиналары	0.78	<0.001
Баланың даму көрсеткіштері ↔ Ата-ана сенімділігі	0.74	<0.001
Баланың даму көрсеткіштері ↔ Стресс деңгейі	-0.76	<0.001
Ата-ана сенімділігі ↔ Стресс деңгейі	-0.70	0.001
Үйдегі дамыту рутиналары ↔ Стресс деңгейі	-0.73	<0.001
Мамандар қолдауы ↔ Ата-ана сенімділігі	0.68	0.002
Мамандар қолдауы ↔ Баланың даму көрсеткіштері	0.66	0.003
Эмоционалдық шаршау ↔ Ата-ана белсенділігі	-0.64	0.004

Ескертпе: ρ — Спирменнің рангтік корреляция коэффициенті; p — статистикалық мәнділік деңгейі. Оң p мәндері көрсеткіштер арасындағы тікелей байланысты, теріс мәндер кері байланысты білдіреді. Статистикалық мәнділік деңгейі $p < 0,05$ ретінде қабылданды.

Spearman корреляциялық талдауы арқылы ата-ана белсенділігі, үйдегі дамыту рутиналары, бала даму көрсеткіштері, ата-ана сенімділігі, стресс деңгейі және мамандар тарапынан көрсетілетін қолдау арасындағы өзара байланысты анықтауға болады (кесте-2). Эксперимент бойынша біріншіден ата-ананың бала тәрбиесіне белсенді қатысуы баланың когнитивтік, әлеу-

меттік және күнделікті өмірлік дағдыларының жақсаруына ықпал ететінін көруге болады. Бұл туралы Mahoney & Perales (2003) зерттеп, ата-ананың белсенді қатысуы баланың тілдік, танымдық, әлеуметтік дағдыларын жақсартады, деген пікірге келген.

Екіншіден, отбасылық дағдылар баланың табиғи ортада дамуының пайдасын және нә-

тижені аз уақытта қалыптастыруға болатынын анықтады. Баланың қалыптасқан табиғи ортасы ол – отбасы. Осыған байланысты McWilliam (2010) баланың дамуын оқшауланған кабинеттегі сабақтар арқылы емес, отбасының күнделікті табиғи рутиналарына (тамақтану, киіну, жуыну, ойын, серуендеу, ұйқыға дайындалу және басқа күнделікті әрекеттер) кіріктіру арқылы дамытқан дұрыс деп тұжырымдайды.

Үшіншіден, бала функционалдық тәуелсіздікті қалыптастырады. Hwang, Chao & Liu (2013) отбасыға бағытталған тәсілдің артықшылығы бала өзін-өзі күту дағдыларын, әлеуметтік функцияларды, функционалдық тәуелсіздікті қалыптастырады. Дәстүрлі әдіспен салыстырғанда мақсатқа жету жолы жоғары деп тұжырымдаған.

Отбасыға бағдарланған әлеуметтік қолдау тәжірибиелері көптеген елдерде жүргізілген. Мысалы, Dawson (2010) және оның әріптестері АҚШ-та 48 ай аутизм спектрі бұзылысы бар балаларға ерте араласу бағдарламасын енгізген. Ата-ана терпаиялық үдерісті күнделікті рутинаға айналдырған, нәтижесінде балалардың IQ көрсеткіштері жоғарылаған, тілдік дамуы жақсарған, жаңа сөздер үйренген. Girolametto (1996) және оның әріптестері Канадада «It Takes Two to Talk» балаларды ата-ана арқылы сөйлету бағдарламасын сәтті іске асырған. Ал Bailey (2012) және оның әріптестері АҚШ-та IDEA Part C 0–3 жас аралығындағы дамуында ерекшелігі бар балаларға арналған бағдарламаны іске асырып көргенде, мамандар отбасымен әлсіз қарым-қатынас жасаса, отбасының белсенділігі де төмендеген. Тәжірибиені толық іске асыра алмаған. Еуропаның көптеген елдерінде отбасыға бағдарланған тәсіл енгізілгенімен толық жүзеге аспаған.

Отандық зерттеулерде мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік қолдау көбінесе кәсіби мамандардың қызметімен шектеледі, отбасыға бағдарланған тәсіл арқылы нәтижелі эмпирикалық деректер салыстырмалы түрде аз.

Шет елдік зерттеулер мен аталмыш зерттеу нәтижелерін салыстыра отырып отбасыға бағдарланған тәсілді енгізудің келесідей оң және теріс жақтары анықталды: біріншіден, отбасыға бағдарланған тәсіл сапалы нәтиже беру үшін отбасының жауапкершілігі маңызды. Отбасы күнделікті ритуал ретінде, күнделікті өмірлік дағды ретінде қабылдауы тиіс. Мысалы, шет елдік зерттеулер бойынша жауапкершілігі төмен отбасыларда жеке жоспар жүзеге аспаған. Екіншіден, отбасы мүшелерінің ортақ мақсаты

мен белсенділігі – басты фактор. Әр отбасы үшін жеке жоспар құрар алдында – микро ортақ мақсатты бірінші белгілеген абзал. Отбасы мүшелері үнемі оң көзқараста болып, мақсатқа қол жеткізуге әрдайым ұмтылып отыруы маңызды. Үшіншіден, отбасы мүшелерінде үміт болуы тиіс. Үміт ұялату – кәсіби мамандар қызметі. Ата-ана мен кәсіби мамандар арасында серіктестік болуы керек. Кейбір зерттеулерде ата-ана кәсіби маман тарапынан қадағаланбаған кезеңде, эксперименттік зерттеу нәтижесі төмен болған.

Зерттеу жұмысы отандық тәжірибие үшін маңызды. «Отбасыға бағдарланған тәсілді» іске асырудың механизмдері теориялық түрде анықталды (әр отбасыға арналған жеке-мақсатты жоспар құру, ата-ана – кәсіби маман серіктестігі т.б.). Аталмыш механизмдерді инклюзивті білім беру ұйымдарында және әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінде қолдануға болады.

Зерттеу шектеулері

Зерттеу Қарағанды қаласында жүргізіліп, эксперименттік топқа 10 отбасы қатысты. Қатысушылар мақсатты іріктеу арқылы таңдалғандықтан, алынған нәтижелерді барлық отбасыларға жалпылауға болмайды. Сонымен қатар, қатысушы отбасылардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары ұқсас болды, сондықтан әлеуметтік жағдайы әртүрлі топтарды салыстыру мүмкін болмады. Зерттеудің тағы бір шектеуі – интервенцияның сегіз аптамен шектелуі. Бұл кезең анықталған өзгерістердің ұзақ уақыт сақталуын бағалауға мүмкіндік бермейді. Кейінгі зерттеулерде іріктемені кеңейтіп, әлеуметтік жағдайы әртүрлі отбасыларды қамту және интервенция нәтижелерін ұзақ мерзімде бақылау қажет.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері сегіз апталық интервенциядан кейін ата-аналардың бала дамуына қатысуы, үй жағдайында дамыту әрекеттерін қолдануы және өз мүмкіндіктеріне сенімділігі артқанын көрсетті. Балалардың күнделікті өмірлік, коммуникативтік және әлеуметтік дағдылары бойынша да оң өзгерістер байқалды.

Зерттеу барысында дамыту әрекеттерін отбасының күнделікті өміріне енгізу маңызды болды. Алғашқы кезеңде ата-аналар жеке жоспарда белгіленген тапсырмаларға арнайы уақыт бөлсе, кейін олардың бір бөлігін жуыну, тамақтану

және ойын сияқты күнделікті әрекеттермен байланыстыра бастады. Осы тәжірибе жеке жоспарды отбасының нақты күн тәртібіне бейімдеудің практикалық маңызын көрсетті.

Сонымен бірге интервенцияны орындауда уақытты ұйымдастыру, кейбір әрекеттерді кейінге қалдыру және мамандармен тұрақты байланысты сақтау сияқты қиындықтар кездесті. Сондықтан отбасыға бағдарланған сүйемелдеуде дайын жұмыс үлгісін барлық отбасына бірдей қолданудан гөрі, отбасының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеру маңызды.

Зерттеу шағын іріктемеде жүргізілгендіктен, алынған нәтижелерді пилоттық зерттеу аясында қарастырған жөн. Дегенмен, жүргізілген жұмыс отбасыға бағдарланған тәсілді Қарағанды қаласындағы әлеуметтік сүйемелдеу тәжірибесінде сынақтан өткізіп, оны ұйымдастырудың практикалық мүмкіндіктерін сипаттауға мүмкіндік берді.

Авторлардың үлесі

Моилбекова Анар Сабыржановна – зерттеу идеясын ұсыну және тұжырымдамасын әзірлеу, зерттеу әдіснамасын құру, жұмысты үйлестіру, қолжазбаның бастапқы нұсқасын дайындау және қорытынды редакциялау.

Қалымбетова Эльмира Кенесовна – теориялық материалдар мен ғылыми әдебиеттерді талдау, зерттеу құралдарын әзірлеу, алынған деректерді түсіндіру және қолжазба мазмұнын ғылыми тұрғыдан сараптау.

Ло Винг Ка Джулия – шетелдік зерттеулерге шолу жасау, отбасына бағдарланған тәсілдің халықаралық тәжірибесін талдау, нәтижелерді салыстырмалы тұрғыдан түсіндіру және қолжазбаның ағылшын тіліндегі бөлігін редакциялау.

Барлық авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және зерттеу нәтижелерінің дұрыстығы мен тұтастығына жауапкершілік алады.

References

- Bailey, D. B., Raspa, M., & Fox, L. C. (2012). What is the future of family outcomes and family-centered services? *Topics in Early Childhood Special Education*, 31(4), 216–223. <https://doi.org/10.1177/0271121411427077>
- Broll, J., Schäfer, S. K., Stoffers-Winterling, J., Hölzen, S., Helmreich, I., & Lieb, K. (2025). Case management for enhancing wellbeing, resilience, and quality of life in caregivers of children and adolescents with chronic illnesses and disabilities: A systematic review and meta-analysis. *Nursing & Health Sciences*, 27(2), e70096. <https://doi.org/10.1111/nhs.70096>
- Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. (n.d.). *Chislennost' detej s invalidnost'yu ot 0 do 17 let vklyuchitel'no* [Number of children with disabilities aged 0–17 years inclusive]. <https://bala.stat.gov.kz/chislennost-detej-invalidov-ot-0-do-17-let-vklyuchitelno/>
- Carrington, L., Hale, L., Freeman, C., Qureshi, A., & Perry, M. (2021). Family-centred care for children with biopsychosocial support needs: A scoping review. *Disabilities*, 1(4), 301–330. <https://doi.org/10.3390/disabilities1040022>
- Chow, A. J., Saad, A., Al-Baldawi, Z., Iverson, R., Skidmore, B., Jordan, I., Pallone, N., Smith, M., Chakraborty, P., Brehaut, J., Cohen, E., Dyack, S., Gillis, J., Goobie, S., Greenberg, C. R., Hayeems, R., Hutton, B., Inbar-Feigenberg, M., Jain-Ghai, S., ... Potter, B. K. (2024). Family-centred care interventions for children with chronic conditions: A scoping review. *Health Expectations*, 27(1), e13897. <https://doi.org/10.1111/hex.13897>
- Dawson, G., Rogers, S. J., Munson, J., Smith, M., Winter, J., Greenson, J., Donaldson, A., & Varley, J. (2010). Randomized, controlled trial of an intervention for toddlers with autism: The Early Start Denver Model. *Pediatrics*, 125(1), e17–e23. <https://doi.org/10.1542/peds.2009-0958>
- Dunst, C. J., Trivette, C. M., & Hamby, D. W. (2007). Meta-analysis of family-centered helpgiving practices research. *Mental Retardation and Developmental Disabilities Research Reviews*, 13(4), 370–378. <https://doi.org/10.1002/mrdd.20176>
- Dutbai, N. (2023). Erekshe zhandar eleusiz qalmaidı [People with disabilities will not be overlooked]. *Ortalyq Qazaqstan*. URL: <https://ortalyq.kz/erekshe-zhandar-eleusiz-almajdy/>
- Dzhamalieva, G.Zh., Togaeva, A. S. (2025). Organizaciya social'noj raboty s sem'yami, vospityvayushchimi detej s rasstrojstvami autisticheskogo spektra [Organization of social work with families raising children with autism spectrum disorders]. *Research Results in Social Work*, 4(2), 76–83. <https://doi.org/10.18413/2949-267X-2025-4-2-0-4>
- Foster, T. D., Decker, K. B., Vaterlaus, J. M., & Belleville, A. (2020). How early intervention practitioners describe family-centred practice: A collective broadening of the definition. *Child: Care, Health and Development*, 46(3), 268–274. <https://doi.org/10.1111/cch.12749>
- Girolametto, L., Pearce, P. S., & Weitzman, E. (1996). Interactive focused stimulation for toddlers with expressive vocabulary delays. *Journal of Speech and Hearing Research*, 39(6), 1274–1283. <https://doi.org/10.1044/jshr.3906.1274>
- Guralnick, M. J. (2017). Early intervention for children with intellectual disabilities: An update. *Journal of Applied Research in Intellectual Disabilities*, 30(2), 211–229. <https://doi.org/10.1111/jar.12233>
- Guralnick, M. J. (2020). Applying the developmental systems approach to inclusive community-based early intervention programs: Process and practice. *Infants & Young Children*, 33(3), 173–183. <https://doi.org/10.1097/IYC.000000000000167>

- Hanson, M. J., & Lynch, E. W. (2004). *Understanding families: Approaches to diversity, disability, and risk*. Baltimore, MD: Paul H. Brookes Publishing Co.
- Hinton, V., Akemoğlu, Y., Tomeny, K., & McWilliam, R. A. (2024). Supporting families from a distance: Implementing routines-based home visits via telepractice. *Early Childhood Education Journal*, 52(3), 629–636. <https://doi.org/10.1007/s10643-023-01464-0>
- Hwang, A.-W., Chao, M.-Y., & Liu, S.-W. (2013). A randomized controlled trial of routines-based early intervention for children with or at risk for developmental delay. *Research in Developmental Disabilities*, 34(10), 3112–3123. <https://doi.org/10.1016/j.ridd.2013.06.037>
- Ingólfssdóttir, J. G., Traustadóttir, R., & Egilson, S. Þ. (2021). Rethinking practices by rethinking expertise: A relational approach to family-centred inclusive services. *Scandinavian Journal of Disability Research*, 23(1), 1–13. <https://doi.org/10.16993/sjdr.734>
- Isabekova, A.S. (2023). Psihologicheskie aspekty adaptivnoj social'noj raboty: faktory podderzhki semej, vospityvayushchih detej s osobymi potrebnostyami [Psychological aspects of adaptive social work: Factors of support for families raising children with special needs]. *Bulletin of Abai KazNPU. Series: Psychology*, 77(4). <https://doi.org/10.51889/2959-5967.2023.77.4.008>
- Karibaev, Z., Zhumabayeva, A., Kurbonova, B., & Nurgaliyeva, S. (2024). Subjective well-being of students with disabilities in Kazakhstan: An exploration of practice. *Journal of Curriculum Studies Research*, 6(2), 88–103. <https://doi.org/10.46303/jcsr.2024.12>
- Lukersmith, S., Salvador-Carulla, L., Chung, Y., Du, W., Sarkissian, A., & Millington, M. (2023). A realist evaluation of case management models for people with complex health conditions using novel methods and tools—What works, for whom, and under what circumstances? *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 20(5), 4362. <https://doi.org/10.3390/ijerph20054362>
- Mahoney, G., & Perales, F. (2003). Using relationship-focused intervention to enhance the social-emotional functioning of young children with autism spectrum disorders. *Topics in Early Childhood Special Education*, 23(2), 74–86. <https://doi.org/10.1177/02711214030230020301>
- McConkey, R., O'Hagan, P., & Corcoran, J. (2023). The impact of a family-centred intervention for parents of children with developmental disabilities: A model project in rural Ireland. *Children*, 10(2), 175. <https://doi.org/10.3390/children10020175>
- McWilliam, R. A. (2010a). *Routines-based early intervention: Supporting young children and their families*. Baltimore, MD: Paul H. Brookes Publishing Co.
- McWilliam, R. A. (Ed.). (2010b). *Working with families of young children with special needs*. New York, NY: Guilford Press.
- Mestre, T. D., Lopes, M. J., Mestre, D. M., Ferreira, R. F., Costa, A. P., & Caldeira, E. V. (2024). Impact of family-centered care in families with children with intellectual disability: A systematic review. *Heliyon*, 10(7), e28241. <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2024.e28241>
- Mickelson, A. M., McCorkle, L. S., & Hoffman, R. (2022). Joint planning in Part C early intervention: Partnering around assessment. *Young Exceptional Children*, 25(2), 63–73. <https://doi.org/10.1177/1096250620952061>
- Pacheco-Molero, M., Morales-Murillo, C., León-Estrada, I., & Gutiérrez-Ortega, M. (2025). Barriers perceived by professionals in family-centered early intervention services: A systematic review of the current evidence. *International Journal of Early Childhood*, 57(2), 357–377. <https://doi.org/10.1007/s13158-024-00401-5>
- Ridgley, R., Snyder, P. A., & McWilliam, R. A. (2020). Individualized Family Service Plan quality and alignment of child-focused outcomes to federal outcomes and state early learning guidelines. *Topics in Early Childhood Special Education*, 39(4), 200–212. <https://doi.org/10.1177/0271121418786434>
- Romano, M., Lorio, C., Delehanty, A., Eugenio, J., Abarca, D., Trivedi, B., & Brown, J. A. (2022). Family routines within caregiver-implemented early interventions: A scoping review. *Journal of Early Intervention*, 44(4), 371–392. <https://doi.org/10.1177/10538151211062206>
- Stewart, V., Slattery, M., & McKee, J. (2021). Deaf and hard of hearing early intervention: Perceptions of family-centered practice. *Journal of Early Intervention*, 43(3), 221–234. <https://doi.org/10.1177/1053815120962547>
- Turnbull, A. P., Summers, J. A., Lee, S.-H., & Kyzar, K. (2007). Conceptualization and measurement of family outcomes associated with families of individuals with intellectual disabilities. *Mental Retardation and Developmental Disabilities Research Reviews*, 13(4), 346–356. <https://doi.org/10.1002/mrdd.20174>
- Turnbull, A. P., Turnbull, H. R., Erwin, E. J., Soodak, L. C., & Shogren, K. A. (2011). *Families, professionals, and exceptionality: Positive outcomes through partnerships and trust* (6th ed.). Upper Saddle River, NJ: Pearson.
- United Nations Children's Fund (UNICEF) Kazakhstan. (n.d.). *Children of Kazakhstan*. URL: <https://www.unicef.org/kazakhstan/en/children-kazakhstan>
- Weightman, A. L., Kelson, M. J., Thomas, I., Mann, M. K., Searchfield, L., Willis, S., Hannigan, B., Smith, R. J., & Cordiner, R. (2023). Exploring the effect of case management in homelessness per components: A systematic review of effectiveness and implementation, with meta-analysis and thematic synthesis. *Campbell Systematic Reviews*, 19(2), e1329. <https://doi.org/10.1002/cl2.1329>

Авторлар туралы мәлімет:

Мошбекова Анар Сабыржановна – әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: anar.moilbekova@icloud.com).

Қалымбетова Эльмира Кенесовна – жалпы және қолданбалы психология кафедрасының доценті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: elmira.kalymbetova@mail.ru).

Ло Винг Ка Джулия – PhD, арнайы білім беру және кеңес беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Гонконг білім беру университеті (Гонконг, Қытай, e-mail: julialo@eduhk.hk).

Information about the authors:

Moilbekova Anar – Doctoral Student at the Department of Sociology and Social Work, Farabi University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: anar.moilbekova@icloud.com).

Kalymbetova Elmira – Associate Professor at the Department of General and Applied Psychology, Farabi University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: elmira.kalymbetova@mail.ru).

Lo Wing Ka Julia – PhD, Associate Professor at the Department of Special Education and Counselling, The Education University of Hong Kong (Hong Kong, China, e-mail: julialo@eduhk.hk).

Сведения об авторах:

Моилбекова Анар Сабыржановна – докторант кафедры социологии и социальной работы, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: anar.moilbekova@icloud.com).

Калымбетова Эльмира Кенесовна – доцент кафедры общей и прикладной психологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: elmira.kalymbetova@mail.ru).

Ло Винг Ка Джулия – PhD, ассоциированный профессор кафедры специального образования и консультирования, Университет образования Гонконга (Гонконг, Китай, e-mail: julialo@eduhk.hk).

*Келін түсті: 18 шілде 2026 жыл
Қабылданды: 31 тамыз 2026 жыл*